

## **Қазақстан Республикасы темір жол көлігінің өндірістік қуатын дамыту жөніндегі инвестициялық жобаны жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 19 қазандағы N 1349

"Дружба" шекаралық темір жол өткелін техникалық жарақтандыруды күшейту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру үшін және Жапония Үкіметінің Қазақстан Республикасына бөлген кредит қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы темір жол көлігінің өндірістік қуатын дамыту жөніндегі инвестициялық жобаны жүзеге асыру мақұлдансын.

2. Жобаны қаржыландыру Жапонияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қоры берген кредит шеңберінде жүзеге асырылсын.

3. Алматы Темір жол басқармасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне кредитті өтеу жөніндегі кепілдік міндеттеме ұсынсын,

Қызмет көрсетуші банктер комиссияларының сақтандыру жарналарын төлеу, барлық ілеспе шығындар мен проценттер, сондай-ақ тартылған кредит Алматы Темір жол басқармасының өз қаражаты есебінен жүргізілетіні еске алынсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

Жапонияның Халықаралық ынтымақтастық қорымен 7,236 млрд. /жеті миллиард екі жүз отыз алты миллион/ сомадағы жапон иеніне кредиттік келісім әзірлесін және қол қойсын;

Алматы Темір жол басқармасымен ішкі кредит келісімін жасасын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен "Қазақстан Республикасына шетел-кредиттерін тарту жөніндегі жұмыстарды реттеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 ақпандағы N 139 P950139\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының кепілдігін беру туралы келісім жасасын

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация

министрлігі аталған жобаның орындалуына және тартылған кредиттің уақтылы өтелуіне бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет жобаның орындалуына жалпы басшылықты және бақылауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК